

# • Қиял

.Тексерген: Накешев Ж.К  
.Орындаған: Алмуханова Л,  
.Буркитбай А  
.Тобы: Анк-63

. Қиял дегеніміз — сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуде көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс. Адамда қиял пайда болған кезде ми қабығында бұрын жасалған уақытша байланыстар түрлі комбинацияларға түседі де, жаңа нәрселердің бейнесі туып отырады. Уақытша байланыстарды қайта жасап, өндеу процесінде екінші сигнал жүйесі шешуші рөл атқарады.

•Қиял ерекшеліктеріне қарай

- Ырықсыз қиял — адамның алдынан мақсат қоймай-ақ басындағы елестердің ағытылып, бірінен соң бірі өтіп жататын кезінде туады.
- Ырықты қиял — адамның алдына саналы түрде мақсат қоя отырып, әдейі образдар жасау мен қажетті бейнелер тудыруы.

•Адамға тән қиялдың ерекшеліктері:

- Әр адамның қиял ерекшеліктері оның жеке қызығулары мен қасиеттеріне, алдына қойған мақсатына байланысты болып келеді. Бұл арада суды аңсап шөлдеген жолаушының қиялы мен екі-үш күннен кейін емтихан тапсыратын студенттің машинасының тетігін жетілдіруді ойлап жүрген инженердің қиялын салыстырып көруге болады;
- Қиялдың мазмұны мен формасы адамның жас және дара ерекшеліктеріне де, білім тәжірибесіне де байланысты. Мәселен, көргені де, түйгені де көп, өмір тәжірибесі мол, әр тарапты білімі бар ересек адамның қиялы мен енді ғана өмірге аяқ басайын деп тұрған жеткіншектің қиялын бір өлшемге салуға болмайды;
- Қиял адамның өскен ортасына, этностық ерекшелігіне, табиғат, жер-су қоршауына байланысты де көрініп отырады. «Жаратылыстың құшағында, - деп жазадвы М. Жұмабаев, - меруерт себілген көк шатырдың астында астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдыңдағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті».

•Творчестволық қиял деп -

- . Өзіндік жаңа образдар жасау арқалы әрекетте, жаңа продуктылыр беруде көрінетін қиялды айтады. Жазушының, суретшінің, ғалымның, композитордың т.б. Қиялы творчестволық қиялға жатады. Творчестволық қиял — қайта жасау қиялына қарағанда, әрі күрделі, әрі қиын. Абай мен Құнанбайдың образдарын жасау, оларды сипаттап жазған шығарманы оқып, елестетуден әлдеқайда ауыр. Творчестволық қиял ақын-жазушылардың, суретшілердің, артистердің т.б. Осы секілді өнер қайраткерлерінің іс-әрекеттерінде үлкен орын алады

- Қиял бейнелерінің жасалу жолдары

.Қиялдағы елестерді топтастырудың қарапайым түрі **агглютинация** деп аталады. Осы әдіс арқылы мифологиялық бейнелер (кентавр, сфинкс, жезтырнақ) мен түрлі механизмдердің, машиналардың конструкциялары (амфибия — танк, судан өте алатын жеңіл танк, аэрошана — суға қонып, ұша алатын самолет) құрастырылады. Агглютинация әдісі ежелгі Мысыр елінде, сондай-ақ, Солтүстік Америка индеецкелерінің өнер ескерткіштерінен үлкен орын алған.